C _{max}	71 (36) (pg/ml)	310 (99) (pg/ml)	9.3 (3.9) (ng/ml)
C _{min}	18.6 (9.4) (pg/ml)	114 (50) (pg/ml)	2.099 (1.340) (ng/ml)
C _{av}	30.1 (11.0) (pg/ml)	194 (72) (pg/ml)	4.695 (2.350) (ng/ml)
AUC ₀₋₂₄	725 (270) (pg*h/ml)	4767(1857)(pg*h/ml)	112.7 (55.1) (ng*h/ml)

Таралуы. Эстрогенді байланысқан түрде де, бос күйінде де табуға болады. Эстрадиол дозасының 98-99% шамасы плазма ақуыздарымен, оның 30-52% шамасы альбуминмен және 46-69% шамасы жыныстық гормондарды байланыстырушы глобулинмен (ЖГБГ) байланысады.

Метаболизмі. Препаратты ішке қабылдаудан кейін эстрадиол тез метаболизденеді. Негізгі конъюгацияланбаған және конъюгацияланған метаболиттері – эстрон және эстрон сульфаты. Бұл метаболиттердің өздері де, эстрадиолға айналудан кейін де эстрогендік белсенділік таныта алады. Эстрон сульфаты бауыр ішінде метаболизмге ұшырауы мүмкін.

Элиминациясы. Эстрон мен эстрадиол көбінесе глюкуронидтер түрінде несеппен шығарылады. Жартылай шығарылу кезеңі 10-16 сағат құрайды. Эстрогендер бала емізетін аналарда сүтпен бөлінеді.

Дозаға және уақытқа тәуелділік. Фемостон® 1/5 таблеткаларын күнделікті ішке қабылдағанда эстрадиол тұрақты концентрациясына 5 күн қабылдаудан кейін, көбінесе 8-11 күндерге қарай жетеді.

Дидрогестерон

Сіңірілуі. Ішке қабылдаудан кейін асқазан-ішек жолынан тез сіңеді. Ең жоғары концентрациясына жету уақыты (T_{max}) 0.5-тен 2.5 сағатқа дейін. Ішке қабылданған 20 мг доза тұсында дидрогестерон абсолютті биожетімділігі (вена ішіне 7.8 мг салыстырғанда) 28% құрайды.

Кестеде 5 мг дозадағы дидрогестеронға арналған тұрақты күйдегі дидрогестерон (Д) мен дигидродидрогестерон (ДГД) фармакокинетикалық параметрлерінің орташа мәндері берілген:

Дидрогестерон 5 мг

	Д	ДГД
C _{max} (ng/ml)	0.90 (0.59)	24.68 (10.89)
AUC _{0-t} (ng*h/ml)	1.55 (1.08)	98.37 (43.21)
AUC _{inf} (ng*h/ml)	-	121.36 (63.63)

Таралуы. Дидрогестеронның тұрақты концентрациясында вена ішіне енгізу кезіндегі таралу көлемі 1400 л жуық. Дидрогестерон және ДГД қан плазмасы протеиндерімен 90%-дан астам байланысады.

Метаболизмі. Дидрогестерон ішке қабылдаудан кейін ДГД-ге тез метаболизденеді. Негізгі метаболиті – 20- α -дигидродидрогестерон (ДГД) концентрациясы дозаны қабылдаудан кейін шамамен 1.5 сағаттан соң жоғары шегіне жетеді. Қан плазмасындағы ДГД концентрациясы дидрогестероннан едәуір жоғары. ДГД және дидрогестерон АUC (қисық астындағы аудан) және C_{max} (ең жоғары концентрациясы) қатынастары, тиісінше, шамамен 40 және 25 құрайды. Дидрогестерон және ДГД жартылай шығарылу кезеңі, тиісінше, орта есеппен 5-7 сағат және 14-17 сағат құрайды. Барлық метаболиттерінің ортақ ерекшелігі – ата-аналық 4,6-диен-3-он қосылысы конфигурациясының өзгермей қалуы және 17-альфа гидроксилденудің болмауы. Бұл дигидрогестеронның эстрогендік және андрогендік әсерлерінің болмауымен түсіндіріледі

Элиминациясы. Таңбаланған дидрогестерон ішке қабылдаудан кейін, орта есеппен, 63% дозасы несеппен шығарылады. Плазманың жалпы клиренсі 6.4 л/мин. Дидрогестерон 72 сағат өткенде толық шығарылады. ДГД көбінесе глюкурон қышқылының конъюгаты түрінде несеппен шығарылады.

Дозаға және уақытқа тәуелділік. Фармакокинетикасы 2.5 мг-ден 10 мг дейінгі аралықта бір рет те, көп рет те дозалану кезінде дозаға байланысты сипатта болады. Бір реттік және көп реттік дозаларының кинетикасын салыстыру Д және ДГД фармакокинетикасының дозаны қайта қабылдау нәтижесінде өзгермейтінін көрсетеді. Тұрақты концентрациясына 3 күн емделуден кейін жетеді.

Фармакодинамикасы

Эстрадиол

Фемостон[®] 1/5 белсенді ингредиенті – 17- β эстрадиол химиялық және биологиялық тұрғыда эндогенді адам эстрадиолына сәйкесті. Ол менопаузадағы әйелдерде жоғалған эстрогендер өнімін алмастырады және менопаузальық симптомдарды жеңілдетеді. Эстрогендер менопауза немесе овариэктомия салдарынан сүйек тінін жоғалтудан сақтандырады.

Дидрогестерон

Ішке қабылдағанда дидрогестерон белсенділігі парентеральді енгізілген прогестерон белсенділігімен салыстырмалы. Эстрогендер эндометрий өсуіне ықпал ететіндіктен, прогестагендерді қоспай эстрогендер қабылдау эндометрий гиперплазиясы мен обыр қаупін арттырады. Прогестагендер қосу жатыры алынбаған әйелдерде эстрогенге байланысты эндометрий гиперплазиясы қаупін едәуір төмендетеді.

Эстроген тапшылығы симптомдарын және дисфункциялық жатырлық қан кетулерді емдеудегі Фемостон[®] 1/5 тиімділігі (клиникалық зерттеулер деректері бойынша):

Аменорея 10-12 ай бақылау кезеңінің ішінде әйелдерді 88%-да байқалды. Жүйесіз қан кетулер және/немесе жағынды бөліністер емнің бастапқы 3

айында әйелдердің 15%-да және 10-12 ай емделу барысында 12%-да байқалған. Климактериялық симптомдардың жеңілдеуі емнің алғашқы апталарында басталады.

Остеопороздан сақтану:

Менопаузадағы эстроген тапшылығы әйел организмінде сүйек тінінің жоғалуына және сүйек салмағының кемуіне ықпал етеді. Эстрогендердің сүйек тіні салмағына әсері дозаға тәуелді. Қорғаныс әсері ем қанша уақыт созылса, сонша ұзақ жалғасады. ОГЕ тоқтатылған соң сүйек тінінің кемуі эстрогендер қабылдамаған әйелдердегідей жылдамдықпен жүреді. Қазіргі замандық деректерге сай, құрамында прогестеронмен біріктірілген эстрогендер бар немесе онсыз орын басушы гормональді ем препараттары дені сау әйелдерде ортан жіліктің, омыртқа бағандарының және басқа остеопорозға ұшыраған сүйектердің сыну қаупін төмендетеді. Сүйек тіні тығыздығы төмен және/немесе остеопорозы анықталған әйелдердегі сынулардың алдын алуда ОГЕ маңызы зор, бірақ бұл деректер шектеулі.

Фемостон[®] 1/5 менопаузадан кейінгі кезеңде сүйек салмағын жоғалтудан сақтандырады.

1 жыл емделуден кейін бел омыртқа аумағындағы СМТ (сүйектің минералдық тығыздығы) $4,0 \pm 3,4\%$ (орташа мәні \pm стандартты ауытқу) артты. Зерттелушілердің 90%-да СМТ жоғарылаған немесе бұрынғы деңгейде қалған Фемостон[®] 1/5 ортан жіліктегі СМТ қатысты тиімді болды. 1 жыл емделуден кейін СМТ жоғарылауы, орта есеппен, сан мойыны аумағында $1,5 \pm 4,5\%$ және ұршық аумағында $3,7 \pm 6,0\%$ және Вард үшбұрышы аумағында $2,1 \pm 7,2\%$ құрады. Ортан жіліктің 3 аумағында СМТ көрсеткіштері бұрынғы деңгейде болған немесе Фемостон[®] 1/5 қабылдаған соң жоғарылаған әйелдердің үлесі, тиісінше, 71%, 66% және 81% құрады.

Қолданылуы

- менопаузадан кейінгі кезеңдегі әйелдерде эстрогендер тапшылығы симптомдарының орын басушы гормональді емінде (соңғы етеккірден кейін кемінде 12 ай өткен соң)
- остеопорозды емдеуге арналған дәрілік заттардың жақпаушылығында немесе қарсы көрсетілімдерінде менопаузадан кейінгі кезеңдегі сыну қаупі жоғары әйелдерде остеопороздың алдын алуда

Қолдану тәсілі және дозалары

Фемостон[®] 1/5 үздіксіз қабылдауға арналған эстроген мен прогестаген біріктірілімі түрінде болады. Фемостон[®] 1/5 ас ішуге байланыссыз, 28 күндік цикл бойы күніне 1 таблеткадан (дұрысы – тәуліктің белгілі бір мезгілінде) ішке қабылданады. Циклдар арасында үзіліс жасалмайды.

Менопауза симптомдарын емдеу үшін емнің басында да, оны жалғастыру үшін де гормондардың ең аз дозаларын және мүмкіндігінше ұзаққа созылмайтындай уақыт кезеңінде пайдаланады. Үзіліссіз біріктірілген емдеу режимі менопаузаның басталу уақытына және симптомдар ауырлығына қарай Фемостон[®] 1/5-тен басталады.

Циклдық (немесе бірізді) режимге арналған басқа эстроген-прогестаген препаратынан ауысқанда ағымдағы 28 күндік цикл қабылдауды аяқтап, артынша циклдар арасында үзіліс жасамастан Фемостон® 1/5 қабылдауды бастау керек. Үзіліссіз режим үшін біріктірілген эстроген-гестаген препаратынан ауысқанда пациент әйелдер Фемостон® 1/5 қабылдауды кез келген күні бастай алады.

Егер әйел таблетканы уақытында қабылдауды ұмытса, оны тиісті қабылдау сәтінен бастап 12 сағат ішінде қабылдау керек. Егер қабылдануы тиіс сәттен 12 сағаттан көп уақыт өтіп кетсе, онда «ұмыт қалған» таблетканы қабылдауға болмайды, ал келесі таблетканы әдеттегі уақытта қабылдау керек. Өткізіп алғанның орнын толтыру үшін қосарлы дозасын қабылдауға болмайды. Таблетка қабылдауды өткізіп алу «құйылған» қан кету ықтималдығын арттыруы мүмкін.

Егде жастағылар. 65 жастан асқан әйелдерді емдеу тәжірибесі шектеулі.

Балалар және жасөспірімдер. Балалар және жасөспірімдерде Фемостон® 1/5 қабылдау көрсетілімдері жоқ.

Жағымсыз әсерлері

Клиникалық зерттеулерде бәрінен жиі хабарланған жағымсыз әсерлер – бас ауыру, іштің ауыруы, сүт бездеріндегі ауыру/кернеу, белдің ауыруы.

Келесі жағымсыз әсерлер клиникалық зерттеулерде төменде берілген жиілікте байқалды

Өте жиі ($\geq 1/100$)

- бас ауыру
- іштің ауыруы
- белдің ауыруы
- сүт бездерінің ауыруы/кернеуі

Жиі ($\geq 1/100$ -ден $< 1/10$ дейін):

- қынаптық кандидоз
- депрессия, күйгелектену
- бас сақинасы, бас айналу
- жүрек айну, құсу, метеоризм
- терінің аллергиялық реакциялары (соның ішінде бөртпе, есекжем, қышыну)
- етеккірлік бұзылыстар (жағынды бөліністер, жатырдан қан кету, меноррагия, аменорея, жүйесіз етеккірлер, дисменорея), кіші жамбастың ауыруы, цервикальді секреция
- астениялық жай-күйлер (астения, қажу, жайсыздану), шеткері ісінулер
- дене салмағын қосу

Жиі емес ($\geq 1/1000$ -нан $< 1/100$ дейін):

- жатыр миомасы көлемдерінің ұлғаюы
- аса жоғары сезімталдық реакциялары
- либидо өзгерістері

- вена тромбозы, артериялық гипертензия, шеткері тамырлар аурулары, веналардың варикозды кеңеюі
- бауыр функциясының кейде сарғаюмен, астениямен немесе іштің жайсыздануымен және ауыруымен қатар жүретін бұзылуы, өт қалтасы функциясының бұзылуы
- сүт бездері көлемінің ұлғаюы, етеккір алдындағы синдром
- дене салмағының кемуі
- цистит тәрізді синдром
- диспепсия

Сирек ($\geq 1/10000$ -нан $< 1/1000$ дейін):

миокард инфарктісі

- ангионевроздық ісіну, тамыр пурпурасы, түйінді эритема*, емді тоқтатудан кейін сақталуы мүмкін хлоазма немесе мелазма
- гемолиттік анемия *
- менингиома *
- мөлдір қабық қисықтығының ұлғаюы *, жанаспалы линзалар жақпаушылығы *, инсульт *
- аяқтардың құрысуы *

* - клиникалық зерттеулерде байқалмаған, өздігінен келіп түскен хабарламалардан алынған жағымсыз әсерлері сирек жиілікке қосылды.

Сүт безі обырының (СБО) қаупі

Құрамында біріктірілген эстроген-прогестаген бар препараттарды 5 жыл бойы және одан көп қабылдайтын әйелдерде СБО қаупі 2 есеге дейін жоғары.

Эстрогенмен ғана ОГЕ алған әйелдерде қауіптің кез келген жоғарылауы эстроген-прогестагенмен біріктірілген ОГЕ алған әйелдермен салыстырғанда азырақ болды.

Қауіп шамасы емдеу ұзақтығына байланысты.

Рандомизацияланған (WHI – Women Health’s Initiative) және эпидемиологиялық (MWS – Million Women Study) ірі зерттеу нәтижелері төменде берілген:

MWS (Миллион әйелді зерттеу) – 5 жыл емделуден кейін күтілетін СБО қаупі.

Жасы	5 жыл бойы ешқашан ОГЕ қабылдамаған 1000 әйелге қосымша жағдайлар саны ¹	Қауіптер қатынасы және 95% СА#	5 жыл бойы ОГЕ қабылдаған (95% СА) 1000 әйелге қосымша жағдайлар саны
Құрамында эстроген бар препараттар			
50-65	9-12	1.2	1-2 (0-3)
Эстроген + прогестаген			
50-65	9-12	1.7	6 (5-7)

- қауіптердің жиынтық қатынасы. Бұл шама тұрақты емес, ем ұзақтығының ұзаруына қарай артады.

Ескерту: СБО ауруына шалдығу Еуропа елдерінде ерекшеленетіндіктен, СБО қосымша жағдайларының саны да пропорционал өзгеріп отырады.

1 – дамыған елдердегі ауруға шалдығу есебінен.

US WHI study (Әйелдер Денсаулығын Зерттеу Бастамасы) – ОГЕ пайдаланған 5 жылдан кейінгі СБО қосымша қаупі

Жасы	5 жыл бойына плацебо қабылдаған 1000 әйелге шаққанда ауруға шалдығу	Қауіптер қатынасы және 95% СА	5 жыл бойы ОГЕ қабылдаған 1000 әйелге қосымша жағдайлар саны (95% СА)
	Құрамында эстроген бар препараттар (конъюгацияланған жылқы эстрогендері)		
50-79	21	0.8 (0.7-1.0)	-4 (-6 – 0) ²
	Эстроген + прогестаген (конъюгацияланған жылқы эстрогендері және медроксипрогестерон ацетаты)*		
50-79	17	1.2 (1.0-1.5)	+4 (0 - 9)
* Талдау зерттеуге қосылғанша ешқашан ОГЕ қабылдамаған әйелдермен шектелгенде емнің алғашқы 5 жылында қауіп жоғарылауы болмаған: 5 жылдан кейін қауіп ешқашан ОГЕ қабылдамағандардан жоғары болды. 2 – WHI зерттеуіндегі СБО қаупінің жоғарылауы анықталмаған жатыры алынған әйелдер тобы.			

Эндо метрий обыры (ЭО)

Менопаузадан кейінгі жатыры алынбаған әйелдер

ЭО қаупі ОГЕ пайдаланбайтын жатыры бар 1000 әйелге шамамен 5 жағдайдан келеді. Жатыры бар әйелдерге құрамында тек эстрогендер бар ОГЕ препараттары ұсынылмайды, өйткені бұл ЭО қаупін арттырады. Эстрогендермен монотерапияның ұзақтығына және дозасына қарай, эпидемиологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша ЭО қаупінің жоғарылауы 50-65 жастағы әр 1000 әйелге қосымша диагностикаланған жағдайлар 5-тен 55-ке дейін құбылады.

Кемінде 12 күндік цикл кезінде эстрогендермен монотерапияға прогестагендер қосу бұл жоғары қауіпті едәуір қысқартады. MWS зерттеуінде біріктірілген ОГЕ режимдерін (циклдық немесе үздіксіз) 5 жыл бойы қолдану эндо метрий обырының қаупін арттырмаған, салыстырмалы қауіп – 1 (0.8 – 1.2)).

Аналық без обыры

Тек эстрогенмен ОГЕ немесе эстрогенмен және прогестагенмен біріктірілген ОГЕ қолдану диагностикаланған аналық без обыры қаупінің болымсыз артуымен қатар жүрді. Эпидемиологиялық 52 зерттеудің метаталдау деректері қазіргі уақытта ОГЕ пайдаланатын әйелдерде аналық бездер обырының, ешқашан ОГЕ пайдаланбаған әйелдермен салыстырғанда, жоғары даму қаупін көрсетеді (қауіп қатынасы 1.43, 95% СА 1.31-1.56). Бұл 5 жыл бойы ОГЕ қабылдаған 50-ден 54 жасқа дейінгі әйелдер үшін 2000 пациент әйелде шамамен бір қосымша жағдай болуына әкелді. ОГЕ қабылдамаған 50-ден 54 жасқа дейінгі әйелдерде 2000 әйелдің шамамен екеуінде 5 жыл ішінде аналық бездер обыры диагностикаланды.

Веналық тромбоз эмболия қатері

ОГЕ кезінде веналық тромбоз эмболияның (ВТЭ) салыстырмалы қаупі, яғни аяқтың терең веналарының немесе өкпе артериясының тромбоздары 1.3-3.0 есе жоғарылайды. Ондай асқыну ОГЕ бірінші жылында, кейінгі

жылдарға қарағанда, аса ықтимал. WHI зерттеу нәтижелері төменде берілген:

WHI study (Әйелдер Денсаулығын Зерттеу Бастамасы) – OGE пайдаланылған 5 жылдан кейінгі ВТЭ қосымша қауіпі.

Жасы	5 жыл бойы плацебо қабылдаған 1000 әйелге келетін ауруға шалдығу	Қауіптер қатынасы және 95% СА	OGE қабылдаған 1000 әйелге қосымша жағдайлар саны
	Ішу арқылы қабылданатын құрамында эстроген бар препараттар ³		
50-59	7	1.2 (0.6-2.4)	1 (-3–10)
	Ішу арқылы қабылданатын эстроген + прогестаген		
50-59	4	2.3 (1.2-4.3)	5 (1-13)

³ Анамнезінде гистерэктомиясы бар әйелдер қатысқан зерттеу

Ишемиялық жүрек ауруы қауіпі жасы 60-тан асқан біріктірілген OGE пайдаланушылар тобында мардымсыз жоғары.

Ишемиялық инсульт (ИИ) қауіпі. Моноэстрогенді және біріктірілген OGE препараттарын қабылдау ишемиялық инсульттің салыстырмалы даму қауіпінің 1.5 есеге дейін артуымен байланыстырылады. Геморрагиялық инсульт қауіпі OGE кезінде жоғарыламайды.

Салыстырмалы қауіп жас шамасына немесе OGE ұзақтығына байланысты емес, бірақ бастапқы қауіп жасқа көп байланысты екендіктен, қорытындысында инсульт қауіпі OGE-дегі әйелдерде жас ұлғаюымен артады.

WHI study (Әйелдер Денсаулығын Зерттеу Бастамасы) – OGE пайдаланылған 5 жылдан кейінгі ИИ⁴ қосымша қауіпі

Жасы	5 жыл бойы плацебо қабылдаған 1000 әйелге келетін ауруға шалдығу	Қауіптер қатынасы және 95% СА	5 жыл бойы OGE қабылдаған 1000 әйелге қосымша жағдайлар саны
50-59	8	1.3 (1.1-1.6)	3 (1-5)

⁴ ишемиялық және геморрагиялық инсульттер бөлінбеген

Біріктірілген эстроген-прогестаген препараттарын (эстрадиол/дидрогестеронды қоса) қабылдаумен байланысты белгілі болған басқа да жағымсыз реакциялар:

- эндометрий обыры, аналық без обыры сияқты эстрогенге тәуелді қатерсіз және қатерлі жаңа түзілімдер
- прогестагенге тәуелді ісік көлемінің ұлғаюы (мысалы, менингиомалар)
- гемолиздік анемия
- жүйелі қызыл жегі
- гипертриглицеридемия
- ықтималды деменция, хорей, эпилепсия өршуі
- кератоконус күшеюі, жанаспалы линзалар жақпаушылығы
- артериялық тромбоэмболия
- панкреатит (гипертриглицеридемиясы бар әйелдерде)

- мультиформалы эритема, түйінді эритема, тамыр пурпурасы, препаратты тоқтатудан кейін қалуы мүмкін хлоазма немесе мелазма
- балтыр бұлшықеттерінің түйілуі
- несепті ұстай алмау
- сүт безі тіндерінің фиброзды-кистозды өзгерістері, жатыр мойны эрозиясы
- порфирияның ауырлап кетуі
- қалқанша без гормондары деңгейінің жоғарылауы

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың белсенді заттарына немесе қосымша компоненттерінің кез келгеніне аса жоғары сезімталдық
- бұрын диагностикаланған немесе күдік тудыратын сүт безінің обыры
- диагностикаланған немесе күдік тудыратын эстрогенге тәуелді қатерлі ісіктер (мысалы, эндометрий обыры)
- диагностикаланған немесе күдік тудыратын простагенге тәуелді жаңа түзілімдер (соның ішінде, менингиома)
- этиологиясы түсініксіз жыныс жолдарынан қан кету
- бақыланбайтын эндометрий гиперплазиясы
- қазіргі уақыттағы немесе анамнездегі веналық тромбоэмболия (терең веналар тромбозы немесе өкпе тамырлары тромбоэмболиясы)
- диагностикаланған тромбофилиялық бұзылыстар (протеин С, протеин S немесе антитромбин тапшылығы)
- қазіргі уақыттағы белсенді немесе бұрын таяу арада болған артериялық тромбоэмболия (мысалы, стенокардия, миокард инфарктісі)
- бауыр тестілерінің қалыпқа түсуіне дейінгі (немесе анамнездегі) бауырдың бұрыннан бар жедел немесе созылмалы белсенді аурулары
- порфирия
- анықталған немесе жорамалды жүктілік және бала емізу кезеңі
- балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Дәрілік өзара әрекеттесулеріне қатысты зерттеулер жүргізілмеген.

Эстрогендер мен прогестагендер тиімділігі төмендеуі мүмкін:

Бауырдың микросомалық ферменттерін индукциялайтын Р450 цитохромы, мысалы, 2В6, 3А4, 3А5, 3А7 жүйесінің препараттары бір мезгілде қолданылғанда эстрогендер мен прогестагендер метаболизмі жоғарылауы мүмкін. Оларға құрысуға қарсы (фенобарбитал, карбамазепин, фенитоин) және инфекцияға қарсы (рифампицин, рибавирин, невирапин, эфавиренез) препараттар жатады.

Ритонавир мен нелфинавир, СУР450 3А4, А5, А7 қуатты тежегіштері ретінде белгілі болса да, стероидты гормондармен бір мезгілде қолданылғанда олардың метаболизмін күшейте алады.

Құрамында шайқурай (*Hypericum perforatum*) шөбі бар өсімдік тектес дәрілік препараттар СҮР450 3А4 бәсеңдету жолымен эстрогендер мен прогестагендер метаболизмін жоғарылатады.

Эстрогендер мен простагендер метаболизмінің жоғарылауы клиникалық тұрғыда препарат тиімділігінің төмендеуімен және етеккірге ұқсас реакция сипатының өзгеруімен көрініс беруі мүмкін.

Эстрогендер басқа дәрілік заттар метаболизмін бұзуы мүмкін:

Эстрогендер бәсекелі бәсеңдету арқылы СҮР450 жүйесі энзимдерін тежеуге қабілетті. Бұл, әсіресе, мыналар сияқты емдік көрсетілімдері тар препараттарға қатысты ерекше маңызды:

- такролимус және циклоспорин А (СҮР450 3А4, 3А3)
- фентанил (СҮР450 3А4)
- теofilлин (СҮР450 1А2).

Клиникалық тұрғыда бұл осы заттардың плазмадағы деңгейінің уыттылыққа дейін жоғарылауымен білінуі мүмкін. Осылайша, пациент әйелдерді ұзаққа созылатын уақыт кезені бойына мұқият бақылап, такролимус, фентанил, теofilлин және циклоспорин А дозаларын азайту қажет болуы мүмкін.

Айрықша нұсқаулар

ОГЕ менопауза симптомдары әйелдің тіршілік сапасына елеулі ықпал ететін жағдайларда тағайындалады. Пациент әйелдердің бәріне, кем дегенде, жылына бір рет қауіптер мен артықшылықтарды мұқият бағалау қажет. Күтілетін артықшылықтары болжамды қауіптерден едәуір асып кеткенше Фемостон® 1/5 қабылдау жалғасады.

Мерзімінен бұрын болған менопаузаны емдеуде ОГЕ-мен байланысты қауіптерге қатысты растаулар шектеулі. Алайда, жас әйелдердегі төмен абсолютті қауіпке орай, олар үшін артықшылықтар мен қауіптер арақатынасы үлкендеу жастағыларға қарағанда аса қолайлы болуы мүмкін.

Медициналық тексеру және бақылау.

ОГЕ бастау немесе жаңғырту алдында толық медициналық және отбасылық анамнез жинау қажет. Медициналық тексеру (сүт бездері мен кіші жамбас ағзаларын тексеруді қоса) болжамды қарсы көрсетілімдері мен алдын ала сақтану шараларын қадағалауды талап ететін жай-күйлерді анықтау мақсатында өткізіледі. Фемостон® 1/5 препаратымен емделу кезінде динамикалық бақылау ұсынылады, зерттеу жиілігі мен сипаты әркімге жеке белгіленеді. Пациент әйелдер сүт бездеріндегі барлық өзгерістер жөнінде білуі тиіс, олар туралы емдеуші дәрігерге шұғыл хабарлауы тиіс. Арнайы зерттеулер, маммографияны қоса, клиникалық көрсетілімдерін ескерумен қабылданған скрининг нормаларына сәйкес жүргізіледі.

Бақылау талап етілетін жай-күйлер

Фемостон® 1/5-пен емделу кезінде, егер оларда төменде аталған жай-күйлер орын алса немесе бұрын болса, пациент әйелдер дәрігердің мұқият қадағалауында болуы тиіс:

- жатыр миомасы немесе эндометриоз
- тромбоздылық жағдайларды дамытатын қауіп факторлары
- эстрогенге тәуелді ісіктердің қауіп факторлары (мысалы, туыстардағы 1 дәрежедегі сүт безі обыры)
- артериялық гипертензия
- бауыр аурулары (гепатоцеллюлярлы аденома)
- ангиопатиямен немесе онсыз қант диабеті
- өт-тас ауруы
- бас сақинасы немесе (ауыр) бас ауыру
- жүйелі қызыл жегі
- анамнездегі эндометрий гиперплазиясы
- эпилепсия
- бронх демікпесі
- атеросклероз
- менингиома.

Бұл осы жай-күйлердің айқындылығы жүктілік немесе осының алдындағы гормональді ем кезінде күшейе түскен пациент әйелдерге қолданылады. Фемостон® 1/5-пен емделгенде бұл жай-күйлердің жаңғыруы немесе едәуір айқындала түсуі мүмкін екенін ескеру қажет.

Емді дереу тоқтату себептері.

Фемостон® 1/5 қабылдау қарсы көрсетілімдер анықталғанда және мына жағдайларда тоқтатылу керек:

- сарғаю немесе бауыр функциясының бұзылуы
- артериялық қысымның елеулі көтерілуі
- бас сақинасына ұқсас бас ауырудың болуы
- жүктілік

Эндометрий гиперплазиясы және обыры.

Жатырын алып тастаған әйелдерде эстрогендерді ұзақ уақыт қабылдағанда эндометрий гиперплазиясы мен обырының қауіпі артады. Моноэстрогенді ОГЕ препараттарын пайдаланушылар арасында эндометрий обыры қауіпінің, пайдаланбайтындармен салыстырғанда, эстроген дозасы мен емдеу ұзақтығына қарай 2-ден 12 есеге дейін артуы білінеді. Эстроген қабылдауды тоқтатқан соң да қауіп 10 жыл бойы жоғары күйде қалады.

Жатыры алынбаған әйелдерде прогестагенді 28 күндік цикл барысында 12 күннен кем емес циклмен немесе тұрақты түрде эстроген-прогестаген біріктірілімінде емге қосу тек эстрогендермен ОГЕ алумен байланысты қауіп артуын болдырмауы мүмкін.

Емнің бастапқы бірнеше айында кейде құйылған қан кету және жағынды қан кету байқалады. Фемостон® 1/5 қабылдау кезіндегі немесе емді тоқтатудан кейінгі құйылған қан кету немесе жағынды қан кету кезінде себебін анықтау үшін тексеру жүргізу қажет. Ол қатерлі үдерісті жоққа шығаруға арналған эндометрий биопсиясын қамтуы мүмкін.

Сүт безі обыры.

Клиникалық және фармако-эпидемиологиялық зерттеулер нәтижелерінің қазіргі замандық деректеріне сай, ОГЕ үшін біріктірілген препараттар

және, мүмкін, моноэстрогенді препараттар қабылдайтын әйелдерде СБО қаупі жоғары, әрі бұл шама ем ұзақтығына байланысты.

Құрамында эстроген+прогестаген бар біріктірілген препараттар

Рандомизацияланған плацебо-бақыланатын WHI зерттеуі және фармако-эпидемиологиялық зерттеулер ОГЕ үшін біріктірілген препараттар қабылдайтын әйелдерде СБО қаупінің артуын көрсетті, ол ем басталған соң 3 жыл өткенде көрініс береді.

Құрамында эстроген бар препараттармен монотерапия

WHI зерттеуінде құрамында тек эстроген бар препараттар пайдаланған жатырын алып тастаған әйелдерде СБО қаупінің артуы анықталмаған, оқшауланған зерттеулерде біріктірілген препараттар қабылдаған әйелдердегіден көп төмен СБО қаупінің болымсыз жоғарылауы хабарланады.

СБО қаупінің артуы емнің алғашқы бірнеше жылында байқалады, бірақ емді тоқтатудан кейін бірнеше жыл (көп дегенде 5 жыл) ішінде бастапқы деңгейіне оралады. ОГЕ біріктірілген препараттарын қабылдағанда маммографиялық бейнелеу тығыздығы артады, бұл СБО рентгенологиялық диагностикасына теріс ықпал етуі мүмкін.

Аналық без обыры

Аналық без обырына шалдығу, СБО қарағанда, біршама сирек. Ауқымды метаталдау нәтижесінде алынған эпидемиологиялық деректер ОГЕ ретінде эстрогенді монотерапияда немесе эстрогенді прогестагенмен біріктірілімде қолданатын әйелдерде қауіптің біршама жоғары екенін көрсетті, ол қолданған 5 жыл ішінде көрініс береді және қолдануды тоқтатқан соң уақыт өте келе азаяды. WHI қамтылатын кейбір басқа зерттеулер біріктірілген ОГЕ препараттарын пайдаланудың дәл осындай немесе біршама аз қауіппен байланысты болуы мүмкін екенін айғақтайды («Жағымсыз әсерлері» бөлімін қараңыз).

Веналық тромбоэмболия.

ОГЕ веналық тромбоэмболияның (ВТЭ), яғни аяқтың терең веналар тромбозы мен өкпе тромбоэмболиясының 1,3-3 есе салыстырмалы даму қаупінің артуымен астасады. Осындай асқыну ықтималдығы, кейінгілеріне қарағанда, емнің бірінші жылында жоғары.

Анамнезінде ВТЭ немесе диагностикаланған тромбофилиялық жайкүйлері бар пациент әйелдерде ВТЭ қаупі жоғары, ал ОГЕ бұл қауіпті арттыруы мүмкін. Сондықтан ОГЕ пациент әйелдердің осы тобында қарсы көрсетілімді.

ВТЭ бойынша қауіп факторларына: эстрогендер қабылдау, егде жас, ауқымды хирургиялық операциялар, ұзаққа созылатын иммобилизация, ауыр дәрежедегі семіздік (ДСИ 30 кг/м² аса), жүктілік және босанудан кейінгі кезең, жүйелі қызыл жегі және обыр жатады. Қазіргі уақытта веналардың варикозды кеңеюінің ВТЭ қауіп факторларына қатысы туралы бірыңғай пікір жоқ.

Пациент әйелдерде операциядан кейінгі кезеңде ВТЭ болдырмау шараларын қабылдау қажет. Операциядан кейінгі иммобилизацияның

ұзаққа созылуы болжанатын жағдайларда Фемостон® 1/5 қабылдауды, мүмкіндігінше, 4-6 апта бұрын тоқтата тұру керек. Емдеуді қозғалыс белсенділігі толық қалыпқа келген соң ғана жаңғыртуға болады.

Анамнезінде ВТЭ жоқ, бірақ туыстығы бірінші дәрежедегі туысқандар анамнезінде жас кезінде ВТЭ болған әйелдер тромбофилия тұрғысынан тексерілуі тиіс. Бұл орайда скрининг кезінде қан ұю патологиясының барлық түрлері бірдей анықтала бермейтінін ескеру және әйелге ескерту керек.

Егер отбасы мүшелерінде тромбофилиялық ақау (мысалы, антитромбин, протеин S немесе протеин C тапшылығы немесе ақаулар бірігуі) анықталса, ОГЕ қарсы көрсетілімді.

Антикоагулянтты ем қабылдайтын осы қауіп тобындағы пациент әйелдерге ОГЕ тағайындау қауіптері мен артықшылықтары арақатынасын мұқият бағалау талап етіледі.

Егер ВТЭ Фемостон® 1/5 қабылдау аясында дамыса, емді тоқтата тұру керек. Пациент әйел болжамды ВТЭ симптомдарының алғашқылары (аяқтардың ауырсынулы ісінуі, кеуденің кенеттен ауыруы, еңтігу) білінгенде емдеуші дәрігерге дереу қаралу керектігін білуі тиіс.

Ишемиялық жүрек ауруы (ИЖА).

Рандомизацияланған клиникалық зерттеулерде ИЖА бар немесе онсыз әйелдерде миокард инфарктісі дамуынан қорғайтын ОГЕ (эстрогендермен ғана немесе прогестагендермен біріктірілімде) пайдасына дәлелдер алынбаған.

Құрамында эстроген+прогестаген бар біріктірілген препараттар

ОГЕ үшін біріктірілген препараттармен емделу кезеңінде ИЖА салыстырмалы қауіп болымсыз жоғарылайды. ИЖА абсолютті даму қауіп едәуір шамада жасқа байланысты екендіктен, біріктірілген ОГЕ препараттарын алатын әйелдердегі ИЖА қосымша жағдайлар жиілігі менопауза басталуына жақын жастағы дені сау әйелдер тобында өте төмен және жас ұлғаюымен артады.

Құрамында эстроген бар препараттармен монотерапия

Рандомизацияланған зерттеулер деректері бойынша, монотерапияда эстрогендер алатын жатырын алып тастаған әйелдерде ИЖА қауіп жоғарыламайды.

Ишемиялық инсульт.

Дені сау әйелдерде біріктірілген препараттармен немесе тек эстрогенмен ОГЕ кезінде ишемиялық инсульт қауіп 1,5 есе артады. Салыстырмалы қауіп жас шамасына немесе менопауза өтіліне байланысты емес. Алайда ишемиялық инсульт қауіпінің жасқа байланысты екені белгілі, сондықтан ОГЕ қабылдайтын әйелдерде инсульт қауіп жас ұлғаюымен артады.

Басқа да жай-күйлер

Эстрогендер сұйықтық іркілісіне ықпал етеді, сондықтан жүрек немесе бүйрек жеткіліксіздігі бар пациент әйелдер мұқият қадағалауды қажет етеді.

Гипертриглицеридемиясы бар әйелдер эстрогендермен орын басу емі немесе біріктірілген ОГЕ кезінде мұқият қадағалауды қажет етеді, өйткені панкреатиттің дамуына әкелген қан плазмасындағы триглицеридтердің елеулі жоғарылауы жөнінде сирек хабарламалар бар.

Эстрогендер тиреоид-байланыстырушы глобулин (ТБГ) деңгейін арттырады, бұл йод ақуызымен байланысқан Т4 немесе Т3 деңгейімен өлшенетін айналымдағы тиреоидты гормонның жалпы деңгейінің артуына алып келеді. Трийодтирониннің (Т3) сіңірілу деңгейі төмендейді, бұл ТБГ концентрациясын жоғарылатады. Бос күйдегі Т4 және Т3 деңгейлері өзгермейді.

Басқа байланыстырушы протеиндер, мысалы, кортикоид-байланыстырушы глобулин, жыныс гормондарын байланыстыратын глобулин деңгейлері артуы мүмкін, бұл айналымдағы кортикостероидты және жыныс гормондары деңгейін тиісінше арттырады. Бос немесе биологиялық белсенді гормондар концентрациялары өзгермейді. Сонымен бірге, плазманың басқа протеиндерінің (ангиотензин/ренин субстраты, α -1-антитрипсин, церулоплазмин) деңгейлері жоғарылауы мүмкін.

ОГЕ когнитивтік функцияны жақсартпайды. ОГЕ бастаған жасы 65-тен асқан әйелдерде деменция қаупі болуы мүмкін.

Сирек тұқым қуалайтын галактозаны жақпаушылығы, Лапп лактаза тапшылығы немесе глюкоза-галактоза сіңуінің бұзылуы бар науқастар Фемостон® 1/5 қабылдамауы тиіс.

Фемостон® 1/5 ұрықтануға қарсы дәрі емес.

Жүктілік және лактация

Жүктілік кезінде Фемостон® 1/5 қолдану көрсетілмеген. Егер Фемостон® 1/5 қабылдау аясында жүктілік басталса, емді дереу тоқтату керек. Эстрогендер мен прогестагендердің біріккен құрылымдарының шаранаға кездейсоқ әсер етуіне қатысты көптеген эпидемиологиялық зерттеулер нәтижелері тератогенді және фетотоксикты әсерінің жоқ екенін айғақтайды. Жүкті әйелдерде Фемостон® 1/5 қабылдау туралы қолда бар деректер шектеулі. Бала емізу кезеңінде Фемостон® 1/5 қолдануға болмайды.

Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Фемостон® 1/5 автокөлік және қозғалмалы механизмдер басқару кезінде әсер етпейді немесе мардымсыз әсер етеді.

Артық дозалануы

Эстрадиол мен дидрогестеронның уыттылық дәрежесі төмен.

Симптомдары: жүрек айну, құсу, сүт бездерінің ауырсынуы, бас ауыру, іштің ауыруы, сылбырлық/қажу және тоқтатудан болатын қан кету сияқты препараттың жағымсыз әсерлері күшеюі мүмкін.

Емі: симптоматикалық. Спецификалық емнің қажет болу ықтималдығы аз. Арнайы антитоды жоқ. Осы ақпаратты балаларға қатысты да қолдануға болады.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Поливинилхлоридті үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға 28 таблеткадан салады. 1 пішінді қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары

30°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін пайдалануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші

Эбботт Байолоджикалз Б.В., Ольст, Нидерланды
Веервег 12, 8121 АА

Тіркеу куәлігінің иесі

Эбботт Хелскеа Продактс Б.В., Веесп, Нидерланды

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдар қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы:

«Абботт Қазақстан» ЖШС

050060 Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,

Ходжанов көшесі 92, кеңсе 90

тел.: +7 7272447544, +7 7272447644,

e-mail: pv.kazakhstan@abbott.com